

**Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың оқу - әдістемелік орталығы**

**Қарағанды облысының
білім беру ұйымдарының білім алушыларына
адамгершілік-жыныстық тәрбие жөніндегі бағдарлама**

Қарағанды 2019

УДК 371
ББК 74.200.51
П 78

*Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының
әдістемелік кеңесі ұсынады 31.05.2019 ж. №3 хаттама*

Бағдарламаны құрастырған:

- 1. Абишева Г.З.,** «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК әдіскері;
- 2. Мұхамеджан Қ.А.,** «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК әдіскері;
- 3. Ахметова Е.В.,** «№21 ЖОМ» КММ директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Теміртау қ.;
- 4. Бойко Г.Н.,** «№7 ЖОМ» КММ директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Теміртау қ.;
- 5. Карпова Л.И.,** «№11 ЖОМ» КММ директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Шахтинск қ.;
- 6. Ермолаева Т.Г.,** «№17 ЖОМ» КММ директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Саран қ.

Рецензенттер:

- 1. Балгимбекова Д.М.,** жоғары санатты психолог, Қарағанды облысы бойынша денсаулық сақтау басқармасының «Қарағанды облыстық ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталығы» ҚМҚК;
- 2. Гузь М.П.** «Теміртау қ. Қыздар гимназиясы» КММ директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- 3. Лихицкая О.В.,** «Жұлдыз» МБК директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Абай ауданы.

ISBN 978-9965-32-711-7

**УДК 371
ББК 74.200.51**

Түсіндірме жазба

Баланың, оның отбасының немесе мекеменің, сондай-ақ қоршаған ортаның әлеуметтік – экономикалық мәртебесі көбінесе оның денсаулығын, оның ішінде психологиялық, оқу жетістіктерін, әлеуметтену бағыттарын, ал болашақта оның бүкіл өмірін, өзін-өзі қанағаттандыруын, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті қоғамның толыққанды мүшесі болу мүмкіндігін анықтайды.

2004 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) «мектептер денсаулықты нығайту және жастар үшін алдын-алу шараларын жүргізудің маңызды орындарының бірі» екенін растады. Мектеп – бұл жасөспірімдердің белсенді кездерінің көп бөлігін үйден тыс жерде өткізетін орын, бұл жеке дағдыларды дамытатын және салауатты өмір салтын қалыптастыратын ерекше орта, сонымен қатар мектеп маңызды проблемалар туралы таныс контекст болып табылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» бекітілген. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің контенті Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айқындалған қоғамдық сананы жаңғыртудың алты бағытын белгіледі: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы.

Тәрбие берудің ұлттық моделі төртінші өнеркәсіптік революция кепілі болып табылатын адами капитал – халықаралық бәсекеге қабілеттілік ресурсы ескереді. Бұл жағдайларда тұтас педагогикалық процестегі тәрбие сапасының мәселесі ерекше мәнге ие болады.

Қазіргі заманғы мектепте тәрбие жұмысы тәрбиенің базалық мазмұнын жаңартудың 8 басым бағыты бойынша жүзеге асырылады, олардың бірі «Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты» болып табылады.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Мақсаты: салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру.

Аталған бағытқа сәйкес «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Саналы азамат» базалық бағытын қарастыру қажет.

Қамтамасыз ету жолдары: білім беру ұйымдарының тәжірибелік-бағытталған тәрбие ортасын құру; белгілі бір артықшылықтар алу арқылы білімді түрлендірудің жеке тәжірибесін жинақтау; өмірлік дағдыларды қалыптастыру, өзін-өзі үздіксіз жетілдіруге, ойын және еңбек іс-әрекеті арқылы салауатты өмір салтына деген қызығушылығын тәрбиелеу.

Бағалау критерийлері: денсаулық жағдайының скринингін; әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерін тілеу және соған дайын болу; теріс

әсерлерге қарсы тұрудың тиімді тәсілдерін меңгеру; табиғи алғышарттарды ұтымды пайдалану; денсаулықты сақтау мен нығайту, қауіпсіз және жауапкершілікті мінез-құлық; жаңа өмірлік жағдайларға сабырлы болу; қауіпсіздік пен тіршілік әрекетін қамтамасыз ету; денсаулық сақтау ортасын құру.

Іске асыру тетіктері:

1. Сабақтар, дене шынықтыру сабақтары, оқу пәндері, қосымша білім беру, спорт секциялары мен үйірмелерін өткізу, «Өзін-өзі тану» ҰДО бағдарламасы шеңберінде репродуктивті денсаулық, нашакорлықтың, алкоголизмнің, темекі шегудің алдын алу, адамның иммунитет тапшылығы вирусы және салауатты өмір салтының негіздері бойынша ақпараттық-ағарту курстарын, семинар-тренингтерін өткізу; Денсаулық фестивалдары, спартакиадалар, қауіпсіздік бағыттары; ақпараттық-насихаттау материалдарын әзірлеу және тарату; «Сенім қызметтерін» ұйымдастыру.

2. Білім алушыларды спорттық іс-шараларға, спорт клубтарына, бұқаралық, ойын және жастар арасында танымал спорт түрлерін спорт федерацияларымен өзара іс-әрекет арқылы тарту. Білім алушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, оның ішінде тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Көптеген спорт түрлері бойынша мектеп пен студент лигаларын дамыту.

Басты іс-шаралар: 1. Үйірмелер, секциялар, клубтар жұмысының оң тәжірибесін тарату, салауатты өмір салтын, сауықтыру жүйесін насихаттау үшін жобаларды енгізу. 2. Есірткі және басқа да зиянды заттарды пайдаланудың алдын алу, өрт қауіпсіздігі, ЖҚЕ, қауіпсіздік техникасы, суицидтің алдын алу бойынша бағдарламаларды іске асырудың түрлі форматтағы іс-шаралары.

Мектептегі адамгершілік-жыныстық тәрбие - бұл адамның басқа жыныс өкілдеріне қоғамға пайдалы қатынасын анықтайтын қасиеттерді, сондай-ақ жеке тұлғаның көзқарастарын дамытуға бағытталған процесс; үйлесімді дамуға, жыныстық мінез-құлық пен репродуктивті функцияны толық қалыптастыруға, неке мен отбасының физиологиялық және моральдық негіздерін нығайтуға бағытталған.

Қарағанды облысының жалпы орта білім беру ұйымдарында адамгершілік-жыныстық тәрбие тақырыптары сынып сағаттарының тақырыптарына енгізілген.

«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК Қарағанды облысы бойынша денсаулық сақтау басқармасының «Қарағанды облыстық ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталығы» КМК-мен бірлесіп мектепте (8-11 сыныптар) АҚТҚ-инфекциясын алдын алу бойынша 4 сабақ әзірленіп, оқу-тәрбие процесіне енгізілді.

Қарағанды облысының білім беру ұйымдарында адамгершілік-жыныстық тәрбие жөніндегі бағдарламаны сыныптан тыс жұмыстар, «Тіршілік қауіпсіздігі негіздері» интеграцияланған оқу бағдарламасы, сынып сағаттары шеңберінде алдын алу мақсатында жүзеге асыру ұсынылады.

Бағдарламаның іске асырылуын бақылауды Білім беру ұйымының әкімшілігі жүзеге асырады.

Бағдарламаның базалық мазмұны

Бағдарламаның мақсаты – жас ұрпаққа жыныстық қатынастардағы моральдық құндылықтарды, олардың физикалық және психикалық денсаулығы мен жыныстық мінез-құлқы үшін жауапкершілікті мақсатты түрде қалыптастыру арқылы тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Өз денсаулығына және басқа адамдардың денсаулығына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;
2. Гигиеналық дағдыларды үйрету және бекіту;
3. Берік, тату отбасы болуға деген ұмтылысты, басқа адамдарға және қарама-қарсы жыныс өкіліне деген құрмет сезімін тәрбиелеу.

Адамгершілік-жыныстық тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру оның барлық компоненттерінің өзара байланысын, білім алушыларды ұйымдастырудың фронтальды, кіші және жеке формаларының жұмыс істеуінің өзіндік арақатынасында көрінетін әдістер мен формаларды қолдануды біріктіруден тұрады.

Бағдарлама білім алушылардың жас ерекшеліктерін, жыныстық және рөлдік әлеуметтенуін және гендерлік тәрбиенің негізгі бағыттарын ескере отырып әзірленген:

- 1. Жыныстық рөлдік тәрбие** - психологиялық еркектік пен әйелдіктің қалыптасуына және ерлер мен әйелдердің оңтайлы қарым-қатынасын орнатуға көмектеседі.
- 2. Сексуалдық тәрбие** - оқушыларға жеке басын қалыптастыру кезеңінен ауыртпалықсыз өтуге көмектесетін психосексуалдық мәдениет пен моральдық талаптар контекстінде сексуалдық бағдарлауды орнатуға бағытталған.
- 3. Жауапты ерлі-зайыптылыққа дайындық** - ерлі-зайыпты рөлдерін қалыптастыру және өзара жауапты серіктестік ұстанымдарын дамыту.
- 4. Жауапты ата-анаға дайындық** - ана мен әкенің балаларға қатысты рөлдік мінез-құлқын қалыптастыруды және оңтайлы репродуктивті қатынастарды дамытуды көздейді.
- 5. Салауатты өмір салтын қалыптастыру** - жыныстық қатынас, ерлі-зайыптылық және ата-аналықтың темекі шегу, маскүнемдік, нашакорлық, жыныстық жолмен берілетін аурулар және т.б. сияқты жаман әдеттерге тәуелділігін түсіндіру.

Бағдарламаны іске асыру оқытудың 3 сатысын қамтиды:

1 саты – 1-4 сыныптар. Адамгершілік негіздері. Ұлдар мен қыздар арасындағы достығы туралы. Этикет ережелері. Салауатты өмір салты мен жеке гигиена ережелерінің негіздері.

2 саты – 5-8 сыныптар. Жынысаралық қатынастар дағдыларын бекіту. Салауатты өмір салты – болашақ ұрпақ үшін негіз. Ауруларды алдын алу. Зиянды әдеттердің ұрпаққа әсері. Жыныстар арасындағы қарым-қатынас негіздері. Отбасылық құндылықтар негіздері. Жанжал. Жанжалды жағдаяттардан шығу жолдары. Эмоциялар мен сезімдер.

3 саты – 9-11 сыныптар. Гендерлік сәйкестілік туралы білімді бекіту. Отбасылық құндылықтарды қалыптастыру. Салауатты өмір салты, жеке гигиена ережелері, оның ішінде жеке қорғану құралдарын (мүшеқап (презерватив), контрацепция туралы білімді бекіту. Жынысаралық мінез-құлық ережелері. Отбасы. Неке. Отбасылық құндылықтар. Отбасылық қарым-қатынас негіздері. Отбасы және денсаулық. Отбасының адамгершілік негіздері. Отбасылық демалыс.

Нормативтік - құқықтық құжаттар

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған, 23.03.2019ж. берілген өзгерістер мен және толықтырулармен;
2. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» №518-ІҮ 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі, 02.07.2018ж. өзгерістермен және толықтырулармен;
3. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» № 193-ІV ҚРЗ 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексі, 19.04.2019ж. өзгерістермен және толықтырулармен;
4. Бала құқықтары туралы Конвенция 1989 жылғы 20 қарашадағы Бас Ассамблеяның 44/25 қарарымен қабылданды;
5. «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» № 345-ІІ 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы, 01.04.2019ж. өзгерістермен және толықтырулармен;
6. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ Қазақстан Республикасының Заңы, 04.07.2018ж. өзгерістермен және толықтырулармен;
7. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» № 214-ІV 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы, 12.07.2018ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізілді;
8. «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығы;
9. «Қазақстан 2020: болашаққа жол «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 қаулысы;

10. «Қазақстан Республикасындағы адамгершілік-жыныстық тәрбие жөніндегі тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 қарашадағы №1500 қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 шілдедегі № 808 қаулысымен өзгерістер енгізілді;

11. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген.

Бағдарламаның әдіснамалық негізі

- білім алушылардың жеке жас, психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін есепке алу;

- әр білім алушының әр түрлі ұйымдастырушылық формалары және жеке ерекшеліктерін ескеру;

- жасөспірімдер дамуының физиологиялық заңдылықтары (И.А. Аршавский, Т.М. Марютина);

- тұлғаның психологиялық теориясы (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн);

- оқушыларды тәрбиелеу теориясы (О.С. Богданова, Д.М. Гришин, Б.Т. Лихачев, И.С. Марьенко, В.С. Селиванов, Н.Е. Щуркова және т.б.);

- екі жыныстағы балалар мен жасөспірімдердің дамуының физиологиялық психологиялық ерекшеліктерін және жас ерекшеліктерін зерттеу және жыныстық тәрбие теориясы (Д.Н. Исаев, В.Е. Каган, Д.В. Колесов, И.С. Кон, Ю.М. Орлов, А.Г. Хрипкова және т.б.);

- жастарды жеке өмірге және неке-отбасы қатынастарына дайындау мәселесіне арналған зерттеулер (И.А. Арабов, В.И. Барский, И.В. Бестужев-Лада, И.В. Гребенников, В.Г. Карпиков және т. б.);

- қазіргі мектептегі жыныстық тәрбиенің қазіргі жағдайын талдаудың жеке элементтері педагогикалық валеология зерттеулерінде кездеседі (Г.К. Зайцев, Л.Г. Качан, Л.Г. Татарникова және т.б.).

Бағдарлама келесі қағидаттарға негізделген:

- өзін және басқаларды құрметтеуге, өз өмірінің балалық шағынан балғын жастық арқылы ересек кезеңіне ауысу сенімділігіне, болашақта салауатты отбасын құруға бағытталған бағдарлама шеңберінде оқыту өткізу;

- жасөспірімдер мен жастардың бойына оң бағдарларды дарыту үшін барлық оңтайлы жағдайды немесе олардың үлгілерін пайдалану арқылы бағдарламаны тез меңгеру мүмкіндігі;

- өскелең ұрпақты даярлау кезеңділігімен үйлесімдегі нысаналылық және төте әрі кері байланыстар тетігі;

- берілетін ақпараттың соқыр сенімнен және «қажетсіз сексуалдықтан» дұрыстығы;

- ерте басталатын сексуалдық тәжірибелерді көтермелемеу, өзін және өзгелерді құрметтеу, адам сексуалдылығын, сексуалдық белсенділікті қоя тұрудың себептерін түсіну;

- рухани, моральдық және сезімдік даму мәселелерін қоса алғанда, жыныстық мінез-құлықты, жөнсіз тәуекел мен тиісті бастапқы алдын алу шараларын нақты білу арқылы тәрбиеге бірыңғай тұрғыдан келу;
- оқытушы кадрлар даярлау тәрбиешінің баланың мінез-құлқын еппен бағыттауға, оның туындаған мәселелері мен проблемаларын абайлап және сыпайы шешуге көмектесуге деген ықыласын оятатын білім беруді басқару үлгісін әзірлеу;
- бала даралығы мен оның дүниетанымының қалыптасу кезеңіне жатқызылатын пәннің ақпараттылығы, қол жетімділігі және айқындығы;
- өсімталдық проблемаларын шынайылықпен баяндау кезінде сексуалдық құштарлықты қоздырмау, керісінше, осы процестің артында тұрған моральдық астарларды, отбасын құру мен бала туудың маңыздылығын көре білуге икемдеу;
- жөнсіз тәуекелдің (жүктілік, ЖЖБА және т.б.) алдын алу.

Аталған қағидаттарды іске асырудың маңызды нәтижесі жасөспірімдер бойында жынысаралық өзара қарым-қатынастарда адамгершілік дағдыға айналатындай моральдық қасиеттерді тәрбиелеу болуы тиіс.

Бағдарламаны тақырыптық жоспарлау

№	Деңгейі	Сағат саны
1 саты		
1 - 4 сыныптар (16 сағат)		
1	1 сынып	4
2	2 сынып	4
3	3 сынып	4
4	4 сынып	4
2 саты		
5 - 8 сыныптар (16 сағат)		
5	5 сынып	4
6	6 сынып	4
7	7 сынып	4
8	8 сынып	4
3 саты		
9 - 11 сыныптар (12 сағат)		
9	9 сынып	4
10	10 сынып	4
11	11 сынып	4
Жалпы сағат саны		44

1 - 4 сыныптар

№	Тақырыбы	Мазмұны	Сағат саны	Жауапты
1 сынып – 4 сағат				
1	«Мейірімділік»	Сауалнама (ауызша сұрау түрінде).	1	бастауыш

	планетасы» адамгершілік сабағы	Балалардың қарттарға, ата-аналарға, мұғалімдерге және т.б. құрметпен қарауы туралы. Адамгершілік нормалары туралы. Адамгершілік әрекеттердің, мінез-құлықтың және адамдар арасындағы қатынастардың мәні, лайықты мінез-құлықтағы жағымды моральдық қасиеттер. Имитациялық ойындар.		сынып мұғалімі
2	«Смешарики. Жеке гигиена»	Гигиеналық нормаларды сақтаудың маңыздылығы туралы әңгіме. Жеке гигиена туралы мультфильм көру. «Неге қолды жуу керек?» зерттеу жобасы.	1	бастауыш сынып мұғалімі, медициналық қызметкер
3	Ұлдар мен қыздар	Ұлдар мен қыздардың сыртқы келбеті, ұлдардың іс-әрекеттері қыздардың іс-әрекеттерінен қалай ерекшеленетінін қарастырыңыз, ұлдар мен қыздардың мінез-құлқының ерекшеліктерін түсіндіріңіз.	1	бастауыш сынып мұғалімі
4	Менің денсаулығым. СӨС дегеніміз не?	«Денсаулық», «Салауатты өмір салты» ұғымдарының мазмұны. «Денсаулық» және «ауру» ұғымдарын салыстыру.	1	медициналық қызметкер

Сыныптан тыс жұмыстар. Денсаулық күні. «Анам, әкем және Мен - тату отбасымыз» атты көңілді старттар

2 сынып – 4 сағат

1	«Этикет негіздері» әдептілік сабағы	Жынысына байланысты этикет ережелері (ойындар, жаттығулар, жыныстық рөлдік мінез-құлық дағдыларын дамыту)	1	бастауыш сынып мұғалімі
2	Мен ерекше баламын	Өзіңіз туралы өз идеяларыңызбен бөлісу қабілетін қалыптастыру. Құрдастардың жеке ерекшеліктері. «Қарама-қайшылық» ұғымын енгізу. «Жақсы көремін - жақсы көрмеймін» қайшылығын талқылау	1	педагог- психолог
3	Ата-аналардың балалармен бірлескен «Менің отбасым» атты іс-шарасы	Тату отбасының маңызы туралы әңгіме. «Отбасы», «ұжым» ұғымдарымен танысу. Тақырып бойынша топтарда жұмыс: Тату отбасының белгілері. «Отбасы әлемі» тақырыбына мақал-мәтелдері бар плакаттар.	1	бастауыш сынып мұғалімі, ата-аналар
4	Ұлдар мен	Бастауыш сынып оқушыларының	1	педагог-

	қыздар арасында достық	гендерлік қасиеттерін дамыту бойынша әңгіме және ойын жаттығулары		психолог
3 сынып – 4 сағат				
1	Денсаулық еліне виртуалды саяхат	Дене шынықтыру ережелері. Дұрыс тамақтану. Дене тәрбиесінің пайдасы туралы әңгіме.	1	медициналық қызметкер
2	Ата-аналардың балалармен бірлескен «Менің тату отбасым» атты іс-шарасы	Отбасы туралы суреттер көрмесі. Отбасы туралы қысқаша әңгіме: «Отбасылық дәстүрлер», «Көңілді демалыс», «Біз қалай демаламыз» және т.б.	1	бастауыш сынып мұғалімі, ата-аналар
3	«Өзара көмек» әңгімелесу сағаты	Отбасының барлық мүшелерінің құқықтары мен міндеттері. «Өзара көмек» дегеніміз не?, «Мен ата-анама қалай көмектесемін» әңгімесі.	1	бастауыш сынып мұғалімі
4	«Ұлдар мен қыздар - екі түрлі әлем» сынып сағаты	Әңгіме, шығармашылық қызмет, ситуациялық ойындар. Шығармашылық ойлауды дамытуға арналған логикалық тапсырмалар.	1	педагог-психолог
4 сынып – 4 сағат				
1	Пайдалы әдеттер	Әңгімелесу, бейнематериалдарды қарау. Пайдалы әдеттер-жаман әдеттер. Айналаңызда салауатты ортаны қалай құруға болады? Пайдалы әдеттер, оларды қалай құруға болады?	1	медициналық қызметкер
2	Менің отбасы	«Отбасылық альбом» (отбасы тарихы, отбасы ағашы, «Жеті ата» дәстүрі).	1	бастауыш сынып мұғалімі
3	Сөйлесу әдебі	Ұлдар мен қыздар арасындағы қарым-қатынас мәдениетін дамыту	1	бастауыш сынып мұғалімі
4	«Ханзада мен Ханшайым» байқауы	Ұлдар мен қыздар арасында «Ханзада мен Ханшайым» атағын алу байқауы	1	бастауыш сынып мұғалімі

5 - 8 сыныптар

№	Тақырыбы	Мазмұны	Сағат саны	Жауапты
5 сынып – 4 сағат				
1	«Х және Ү: екі түрлі әлем» сынып сағаты	«Кімдерге жел соғады...» ойыны, «Орман мектебінде» ертегісі, «Сөйлемді аяқта» жаттығуы, «Ұл мен	1	өзін-өзі тану мұғалімі

		ҚЫЗ» КОЛЛАЖЫ.		
2	«Жеке гигиена ережелері» ойын элементтерімен әңгіме	Жеке гигиена туралы жұмбақтар, «Керемет дорба» ойыны, жеке гигиена туралы әңгіме	1	медициналық қызметкер
3	«Мен кімін?» сынып сағаты	«Мамандықтар әлемі» лото, Я. Сегельдің «Как я был мамой» әңгімесін оқу, «Әйел және еркек жұмысы» ойыны, «Мінез-құлық тәртібі» үлестірме материалмен жұмыс.	1	сынып жетекшісі
4	«Ата-аналармен ашық әңгіме» адамгершілік сабақтары	«Менің отбасым» эссе, «Мен - мектепте, мен – үйде, мен – достарымның ортасында» тестілеу, «Өмір сатысы» моделдеу.	1	педагог - психолог
6 сынып – 4 сағат				
1	«Ұл қызбен дос болды» ойын тренингі	Ұл баланың портреті, қыз баланың портреті, «жағымды сезімдерді білдіруді үйрену» тәрбиелік жағдайлар. «Кім батыл?», «Жанашырлық таныту эстафетасы» ойындары.	1	өзін-өзі тану мұғалімі
2	«Өсіп келе жатырмын» семинар-талқылау	Презентацияны қарау, жаттығу. «Жасөспірім» дегеніміз не?, «Қазіргі жасөспірімнің портреті» жаттығу.	1	педагог-психолог
3	«Жеке гигиена ережелері» брейн - ринг	Тапсырмалар: 1. «Сұрақ – жауап» 2. «Сен білесің бе...» 3. «Белгіні суретте» 4. «Пазлды жинау»	1	сынып жетекшісі
4	«Мамандар слеті», «Дені сау болуға не кедергі?» іскерлік ойын	Адам қажеттіліктерінің кестесі, жаман әдеттер туралы ақпарат.	1	сынып жетекшісі, медициналық қызметкер
7 сынып – 4 сағат				
1	«Ерлер мен әйелдердің мақсаты» әлемдік кафесі	Ерлер мен әйелдердің мақсаты туралы, «Ерлер мен әйелдер әлемі» көрнекі материалы, жағдаяттық тапсырмалар, тұлғаның құндылыққа диагностика	1	педагог - психолог
2	«Менің жанымда бүкіл	Еркін қарым-қатынас, қатысушылар әдеби шығармалардағы әйелдер мен	1	пән-мұғалімдері

	әлем бар» әдеби қонақ бөлмесі	ерлердің бейнелерін оқып, талқылайды.		
3	Қыздарға арналған дәріс: «Гигиена және оның қыз балаға, бойжеткенге, әйелдің денсаулығына маңыздылығы» Ұлдар үшін: «Жыныстық жетілу туралы түсінік».	«Әдемі болу өнері» презентациясы, «Интимдік гигиена», сауалнама, «Физиологиялық және жыныстық белгілер», «Еркек пен әйелдің белгілері» туралы ақпарат.	1	ЖТД дәрігерлері
4	Фаст - фуд: пайдасы мен зияны? «Алтын органы»? қайдан табамыз?	Тамақтану режимі мен мәдениеті. Диета. Тамақтанудың негізгі ережелері. Калориялық тамақ. Тамақтану рационы.	1	сынып жетекшісі
8 сынып – 4 сағат				
1	«Бәріміз әртүрліміз, бірақ біз біргеміз» тренингі	Ұл мен қыздың қарым-қатынасы, жаттығулар: «Сұхбат», «Сөйлемді аяқта», «Ұлдар – солға, қыздар – оңға»	1	педагог-психолог
2	«Бір көргеннен ғашық болу?» диспут	«Махаббат деген не?», «Гүлдер не айтады?» видео	1	сынып жетекшісі
3	АҚТҚ, ЖҚТБ туралы негізгі мәліметтер	АҚТҚ, АҚТҚ-инфекциясы және ЖҚТБ туралы түсінік. АҚТҚ, ЖҚТБ-на қатысты терминдер. Ой-зерде шабуылы «АҚТҚ, ЖҚТБ туралы не естідіңіз? «ЖҚТБ» фильм - роликтін көру	1	мейірбике, сынып жетекшісі
4	«Иллюзия және шындық» (темекі шегудің, алкогольдің, есірткінің зияны туралы)	Сауалнама «Сіздің өмір салтыңыз», карточкалармен, жағдаяттармен жұмыс, топпен жұмыс: 1 топ – «Салауатты өмір салтының белгілері», 2 топ - «Салауатты емес өмір салтының белгілері», 3 топ – «Адамдардың темекі шегуінің,	1	сынып жетекшісі, емхана маманы (нарколог-дәрігер)

		алкогольді, есірткіні қолдануының себептері), 4 топ – «Мұны істеуге болмайтын себептер», «Салауатты және салауатты емес өмір салты», «Жаман әдеттерге қарсы схемалар», «Денсаулықты жас кезден сақта» викторинасы.		
--	--	--	--	--

9 - 11 сыныптар

№	Тақырыбы	Мазмұны	Сағат саны	Жауапты
9 сынып – 4 сағат				
1	Пікірталас алаңы «Гендерлік сәйкестілік»	Сауалнама. Бұл не: «Гендер»? «Гендерлік стереотиптер», «Стереотиптерді жою» жаттығуы. Сандра Бэмнің сауалнамасы. «Сен ерекше» мультфильмін көру	1	педагог-психолог
2.	«Ұлдар мен қыздардың қарым-қатынасы» тренингі	Бір көргеннен ғашық болып қалу мүмкін бе? Егер махаббат өткен болса ше? Ажырасудан қалай шығуға болады? Жауапсыз махаббат.	1	сынып жетекшісі, педагог-психолог
3.	«Жыныстық қатынастың құрбаны» (ерте жыныстық қатынасты алдын алу үшін) дебаттары	ЖЖБА дегеніміз не?, АҚТҚ-инфекциясы. Таралу жолдары. Алдын алу. «Өзің АҚТҚ-инфекциясынан қалай қорғауға болады. Мифтер мен шындық».	1	медициналық қызметкер
4.	Әйелдік пен еркектік	Әйелдік пен еркектік. Қарым-қатынас мәдениеті. Ұлдар мен қыздар арасындағы қарым-қатынаста «Әдептілік» ережелері. Этикет немесе өзін қалай дұрыс ұстау керек. Дизайн жұмысының тақырыптары: «Сыйлық жасау өнері». «Ғашықтардың мінез-құлық мәдениеті».	1	сынып жетекшісі, педагог-психолог
10 сынып – 4 сағат				
1	«Ересек өмір табалдырығында» тренингі	Шешім қабылдау дағдылары. Шешім қабылдау кезінде ескерілетін факторлар	1	сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог
2	Әңгімелесу «Өзін өзі қорғаған	Контрацепция әдістері мен жолдары. ЖЖБА алдын алу. Қауіпсіз қатынас жолдары.	1	сынып жетекшісі, медициналық

	қаншалықты маңызды». ЖЖБА, АҚТҚ, ЖҚТБ туралы фактілер мен мифтер.	<i>Ескерту. Босанғанға дейінгі емханада қыздарға экскурсия ұйымдастыруға болады.</i> «Жыныстық қатынасты кешіктіру» жаттығуы – «ҚОЛДАУ» және «ҚАРСЫ» дәлелдерімен шағын топтарда талқылау.		қызметкер (акушер-гинеколог)
3	«Ұлдар мен қыздардың қарым-қатынасы» коучингі	Еркек және әйел мінез-құлық түрлері. Екі жыныс өкіліне тән артықшылықтар	1	сынып жетекшісі
4	«Мен және менің болашақ отбасым» дөңгелек үстеліндегі әңгіме	Отбасы мәдениеті. Отбасы-шағын мемлекет. Сүйіспеншілік, сүйікті адамыңа қамқорлық, отбасы мүшелерінің рухани және эмоционалды жақындығы, өзара көмек. Некеге тұру себептері. Отбасының адам өміріндегі маңызы және өмірдің мәні. Бақытты отбасы құпиялары. «Ерлі-зайыптыларды таңдауы - бұл тек өздері үшін ғана емес, болашақ балалар үшін де таңдау ма?»	1	сынып жетекшісі, педагог-психолог, әлеуметтік педагог
11 сынып - 4 сағат				
1	Ашық кафедра «Ерте жүктілік» Қорғалған жыныстық қатынас	Ерте жыныстық қатынас туралы. Ерте жүктілік. Жөнсіз жүктілік. Түсік жасаудың салдары. Гинекологиялық аурулар (қыз балаға арналған). Жыныстық қатынас үшін заңды жауапкершілік (ұл балалар үшін). Оқушылардың бойында салауатты жыныстық денсаулыққа жауапты мінез-құлықты қалыптастыру	1	сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог, медициналық қызметкер (акушер-гинеколог)
2	Әңгімелесу – талқылау «Денсаулық және Отбасы».	Денсаулық жан мен тәннің үйлесімділігі ретінде. Дені сау ата-ана дені сау балалар. Ұрпақ өсіру жауапкершілігі. Ұрпаққа қамқорлық жасау. Денсаулықты сақтау функциясы. Репродуктивті денсаулық. Талқылауға арналған тақырыптар: «Дені сау отбасы – салауатты қоғам».	1	сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог
3	Іскерлік үйірме «Нашақорлық және тәуелділік	Тәуелділік психологиясы. Адамға не болады? Тәуелділік. Кім тәуелді? Тәуелділік (анықтау мәселелері)	1	сынып жетекшісі, әлеуметтік

	ауру ретінде»	дегеніміз не? Тәуелділіктің сипаттамасы.		педагог
4	«Отбасы бақытының құпиясы» шолу-ойлау	Топтық жұмыс «Бақытты өмір алгоритмі». Отбасындағы моральдық ахуал. Ошақтың жайлылығы мен жылуы. Отбасылық атмосфера – бұл отбасының психологиялық климаты. Ерлі-зайыптылардың отбасы алдындағы жауапкершілігі. Отбасылық келіспеушіліктердің себептері. Отбасы өмірінің кезеңдері. Эссе: «Ұлымның (қызыма) үйлену тойы қарсаңында жазған хаты», «Тойымның қарсаңында ата-анамның маған айтқан ақ тілегі».	1	педагог-психолог

Білім алушылардың бағдарламаны меңгеруі бойынша күтілетін нәтижелер

Білім алушылар білуге міндетті:

- адамгершілік негіздерін;
- салауатты өмір салтының нормалары мен ережелерін;
- отбасының негізгі құндылықтарын;
- қоғамдағы мінез-құлық ережелерін.

Білім алушылар істей білуі тиіс:

- өзін және басқа адамдарды түсіну;
- өз денсаулығына қамқорлық жасау, жаман әдеттерге қарсы тұру;
- үлкендерге, қарама-қарсы жыныс өкілін сыйлайды.

Білім алушылар келесі дағдыларға ие болуы керек:

- өзінің мінез-құлқы мен эмоционалдық жай-күйін басқару;
- басқалармен жанжалсыз қарым-қатынас;
- гигиена;
- жынысаралық қатынастар.

Білім алушылардың бойында әмбебап оқу іс-әрекеттері, атап айтқанда, жеке әмбебап оқу іс-әрекеттері қалыптастырылатын болады:

- өзінің және айналасындағы адамдардың іс-әрекетінің адамгершілік мазмұны мен мағынасында бағдарлану;
- негізгі моральдық нормаларды білу және оларды жүзеге асыруға бағдарлану;
- моральдық мінез-құлықтың реттеушісі ретінде этикалық сезімдерді - ұят, кінә, ар-ожданدى дамыту;
- эмпатия басқа адамдардың сезімдерін түсіну және оларға жанашырлықпен қарау.

Әдебиет

1. Сынып жетекшісі жұмысының әдістемесі. Әдістемелік ұсыныстар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015.
2. Сабақтан кейінгі мектеп: оқушылардың сабақтан тыс кездегі бос уақытын ұйымдастыру. Әдістемелік ұсыныстар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015.
3. «Ата-ана тәрбиесі стилінің баланың тұлғалық дамуына әсері». Әдістемелік ұсыныстар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015.
4. Ата-аналарға ақыл-кеңес: «Балаларды дұрыс тәрбиелеу қағидалары» – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015.
5. Әдістемелік ұсыныстар «Ұстаз – өзгертуші тұлға. Педагогтардың санасын жаңғырту». – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018.
6. Әдістемелік ұсыныстар «Тәрбиелік іс-шара»: алға қойылған мақсатқа жету деңгейінің өлшеу критерийлері (бәсекелік қабілет; прагматизм; ұлттық бірегейлікті сақтау; білімнің салтанат құруы; Қазақстанның революциялық емес эволюциялық дамуы; сананың ашықтығы»). – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018.